

Қазақ тілі мен түрік тіліндегі синоним сөздер табиғаты

Екрем Ташпинар

Қандай тілде болса да, әсерлі, шешен сөйлей білу үшін сол тілді жақсы білу керек, әсіресе сөз және сөз байлығы қазынасын жақсы меңгеру, тілдегі сөздердің тура және ауыспалы мағыналарын білу, оларды сөйлеу кезінде дұрыс қолданудың маңызы зор.

Тіл үйрену, тіл байлығын меңгеруде сол тілдегі синоним сөздердің ролі ерекше.

Мысалы, қазақшада да, түрікшеде де құлақ, мұрын, ауыз сөздеріне синоним сөздер жоқ, ал көз сөзіне қазақшада жанар (Синонимдер сөздігі, Алматы. 2007, б.287.) түрікшеде гөз-назар (Алтан Ешанламлы ве каршыт анламлы келимелер сөзлүгү, Ыстамбул. 2000. б.53.) сөзі синоним сөз бола алады.

Осы мысалдардан көріп отырғанымыздай барлық сөздердің синоним сөздері болмайды екен. Адам үшін ең керекті заттың атауы болған сөздерге синоним сөздер пайда болады. Синоним сөздерді қаншалықты ұқсас заттардың атауы десек те, олардың өздеріне ғана тән мағыналық ерекшеліктері болады. Синоним сөздер-мағыналары жақын сөздер. Синоним сөздердің болуы сол сөздің мағыналық реңгінің бай екендігін көрсетеді.

Синоним сөздер қаншалықты ұқсас заттарды білдірсе де, олардың тек өзіне тән мағыналық дәрежесі болады. Сондықтан синоним сөздерді қолданғанда дұрыс таңдай білудің сөйлеу мен жазу мәдениетіне тигізер әсері мол. Синоним сөздерді қолданғанда әдеби тілдік нормалар мен стильдік ерекшеліктерді білудің ролі үлкен.

Сөйлеуде, жазуда неге синоним сөздерді қолданатынымызды түсіну үшін бізге сөздер не үшін керек екенін ойланып көрейік. Сөздер қандай да бір заттың, ұғымның атауы болады немесе оны сипаттайды, қандай да бір іс-әрекетті білдіреді. Мысалы, оқытушы оқытып, білім беретін адам; оқушы оқитын немесе білім алатын, бір нәрсе үйренетін адам. Бұл сөздер әр-түрлі іс-әрекетпен айналысатындарға берілген атаулар. Осы оқытушы сөзіне қазақшада мұғалім, педагог, ал оқушы сөзіне студент, шәкірт деген синоним сөздер бар. Түрікшеде оқытушы- өгретмен, муаллим, муретббі, оқушы- өгретжи, талебе, окуллы.

Егер сөздер тек біздің көзімізге көрінетін ғана деректер мен қасиеттерді білдірсе, қанша зат бар болса сонша сөз болар еді. Бірақ тілде олай болмайды. Сөздер белгілі бір заттардың атауы ғана болып қоймайды, сонымен қатар оларды сипаттайды, біздің ол заттар туралы ой-пікірімізді де білдіреді.

Адам баласының заттар мен оқиғалар және олар жайындағы ой-пікірлері де уақыт пен ортаға байланысты өзгеріп отырады. Тек бұлар ғана емес, адамдар, оқиғалар, деректер де өзгеріп отырады. Синонимдердің де ортаға шығуы осы шарттарға тікелей байланысты болып келеді.

Қазақ тілі мен түрік тіліндегі синоним сөздер табиғаты

Екрем Ташпинар

Қандай тілде болса да, әсерлі, шешен сөйлей білу үшін сол тілді жақсы білу керек, әсіресе сөз және сөз байлығы қазынасын жақсы меңгеру, тілдегі сөздердің тура және ауыспалы мағыналарын білу, оларды сөйлеу кезінде дұрыс қолданудың маңызы зор.

Тіл үйрену, тіл байлығын меңгеруде сол тілдегі синоним сөздердің ролі ерекше.

Мысалы, қазақшада да, түрікшеде де құлақ, мұрын, ауыз сөздеріне синоним сөздер жоқ, ал көз сөзіне қазақшада жанар (Синонимдер сөздігі, Алматы. 2007, б.287.) түрікшеде гөз-назар (Алтан Ешанламлы ве каршыт анламлы келимелер сөзлүгү, Ыстамбул. 2000. б.53.) сөзі синоним сөз бола алады.

Осы мысалдардан көріп отырғанымыздай барлық сөздердің синоним сөздері болмайды екен. Адам үшін ең керекті заттың атауы болған сөздерге синоним сөздер пайда болады. Синоним сөздерді қаншалықты ұқсас заттардың атауы десек те, олардың өздеріне ғана тән мағыналық ерекшеліктері болады. Синоним сөздер-мағыналары жақын сөздер. Синоним сөздердің болуы сол сөздің мағыналық реңгінің бай екендігін көрсетеді.

Синоним сөздер қаншалықты ұқсас заттарды білдірсе де, олардың тек өзіне тән мағыналық дәрежесі болады. Сондықтан синоним сөздерді қолданғанда дұрыс таңдай білудің сөйлеу мен жазу мәдениетіне тигізер әсері мол. Синоним сөздерді қолданғанда әдеби тілдік нормалар мен стильдік ерекшеліктерді білудің ролі үлкен.

Сөйлеуде, жазуда неге синоним сөздерді қолданатынымызды түсіну үшін бізге сөздер не үшін керек екенін ойланyp көрейік. Сөздер қандай да бір заттың, ұғымның атауы болады немесе оны сипаттайды, қандай да бір іс-әрекетті білдіреді. Мысалы, оқытушы оқытып, білім беретін адам; оқушы оқитын немесе білім алатын, бір нәрсе үйренетін адам. Бұл сөздер әр-түрлі іс-әрекетпен айналысатындарға берілген атаулар. Осы оқытушы сөзіне қазақшада мұғалім, педагог, ал оқушы сөзіне студент, шәкірт деген синоним сөздер бар. Түрікшеде оқытушы- өгретмен, муаллим, муретббі, оқушы- өгренжи, талебе, окуллы.

Егер сөздер тек біздің көзімізге көрінетін ғана деректер мен қасиеттерді білдірсе, қанша зат бар болса сонша сөз болар еді. Бірақ тілде олай болмайды. Сөздер белгілі бір заттардың атауы ғана болып қоймайды, сонымен қатар оларды сипаттайды, біздің ол заттар туралы ой-пікірімізді де білдіреді.

Адам баласының заттар мен оқиғалар және олар жайындағы ой-пікірлері де уақыт пен ортаға байланысты өзгеріп отырады. Тек бұлар ғана емес, адамдар, оқиғалар, деректер де өзгеріп отырады. Синонимдердің де ортаға шығуы осы шарттарға тікелей байланысты болып келеді.

Түрік тілінде дүние сөзіне синоним ретінде ажун, алем, каинат, еврен деген сөздер қолданылады. Бұл сөздер бір-біріне мағыналық жағынан жақын бір ұғымды білдіретін сөздер десек те, бұл ұғымдардың пайда болу кезеңдері мен сол кезеңдерде білдірген мағыналарында айырмашылықтар бар.

«Ажун» сөзі көне түркі тілінде қазіргі дүние сөзінің синонимі ретінде қолданылған. Бірақ «бұл материалдық дүние емес, адамзат дүниесі» мағынасында болған. (Баһаддин Өгел, Түрк митоложиси II, Истамбул 1997, б.101).

Қазақшада дүние мағынасында қолданылатын сөздердің синонимдік қатары мынадай: әлем, дүние, жаһан, жиһан, жер-көк, дүниежүзі, жержүзі, жер-жиһан, ғалам, әлемет, дүния. (Синонимдер сөздігі, Алматы, 2007. б.103.)

«Тәңрі ажунды жаратты.... (Көне түрік жыр жолдарынан)

Көне түрік жыр жолдарында дүние сөзіне байланысты былай дейді:

«Сен қанша айтсаң да, дүния бітіп кетеді,

«Қалар тек жазарсаң, ажун евренмен айналады!...»

Түркологияда дүние сөзінің синонимі ретінде қолданылатын еврен сөзінің Қарахан мемлекеті кезеңдерінде пайда болғандығы айтылады. (Баһаддин Өгел, Түрк митоложиси II, Истамбул 1997, б.101)

Ажун сөзінің түрік тілінде одан да ерте кездері қолданылғаны білім әлеміне белгілі. Бұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Синоним сөздер өте ұқсас немесе бірдей заттар мен ұғымдарды білдірсе де олардың пайда болу себептері мен кезеңдері әр-түрлі болады. Синоним сөздерге артылған мағына жүктерінде де айырмашылықтар бар.

Заттар, ұғымдар, оқиғалар мен құбылыстар тек бір жақты ғана білінбейді, олардың сөз атауы болған мағынадан басқа жақтары да болады. Осыларды атау үшін, олардың жан-жақты қасиеттерін білдіретін әр-түрлі сөздер пайда болуы мүмкін. Осылайша, тілде бір затты білдіретін әр-түрлі сөздер қалыптасады. Бір сөздің де бірнеше мағынасы болғандықтан бір сөз бірнеше затты немесе құбылыстың атауы бола алады. Синонимдердің негізінде бір затты әр-түрлі сөздермен білдіру қасиеті жатыр.

Синоним сөздердің затты, құбылысты, іс-әрекетті және олардың сипатын, атау қасиеті ұқсас немесе бірдей дәрежеде болуы керек.

Синоним сөздер бір затты, құбылысты, іс-әрекеттің атауы болып қана қоймайды, сонымен бірге мағыналық жақтан да жақын болады. Синоним болу үшін сөздердің мағыналық жағынан да ортақтықтар болуы шарт. Синоним

сөздердегі мағыналардың жақын болуының негізгі себебі, ол сөздің бір зат немесе ұғымды білдіруінде болса керек. Заттарды атауда ұғым ой-пікірдің логикалық түрі болып табылады.

Синонимдер ұғымдардың бір болуымен сипатталмайды, олардың бір-бірімен байланысы, ұқсастығы, ортақтығымен сипатталады.

Мысалы, куввет, гүч, дермен, месал, нүфуз, жебир (Алтын Ешанламлы ве Каршыт Анламлы Келимелер Сөзлүгү, б. 73)

Синонимдердегі сөз-ұғым-зат байланысы бір тілде сөйлеп, бір зат туралы айтылғанда жүзеге асады. Мысалы, «Orhun абиделеріне Orhun китабелері де денир», (Мехмет Хенгирмен, Түркче өгрениоруз 5, Анкара.б. 14.) деген сөйлемде; қазақша аудармасы «Орхан ескерткіштері Орхан жазбалары да деп аталады». Сөйлемде абиде, китабе деген сөздер бір затқа берілген әр-түрлі атау ретінде синоним сөздер болып тұр.

Бір тілде сөздер жақын мағынаны білдіріп синонимдер ретінде қолданылады. Кейбір сөздер тек контексте ғана синоним ретінде қолданылғанын білуге болады. Мысалы:

Не шаир йаш докер, не ашык ағлар

Тарихе карышты ескі севдалар.

Фарук Нафыз Чамлыбел

Қазақша аудармасы:

Не шайыр жас төгеді, не ғашық жылайды

Тарихқа араласты көне махаббаттар.

Түрікшеде әр-түрлі диалектіде қолданылатын сөздер синонимдік қатарды құрайды. Мысалы, Сивас, Йозгат диалектілерінде қолданылатын гүдік сөзі қысқа бойлы (Халк ділінде сағлық дейішлері сһзлүгү. Анкара 1992. б.65) деген мағынада қолданылады. Мұндай сөздер әдеби тілде қолданылмайды, тек синоним сөз екендігін арнайы сөздіктерге қарау арқылы шығаруға болады.

Түрікшенің даму тарихына байланысты көптеген сөздер шет тілдерден енген сөздер, әсіресе, араб-парсы тілінен енген сөздер синонимдік қатар құрайды. Бұл сөздер түрік тілінің белгілі бір даму кезеңдерінде қолданылған (Османлы, Анадолы) кейіннен олардың орнына түрікше сөздер қолданыла бастаған. Синоним сөздерінің көпшілігін араб-парсы және батыс тілдерінен енген сөздер құрайды. Алим (арабша)-білгін (түрікше); арзухал (арабша)-дилекше (түрікше); білім (арабша)-білгі (түрікше); адаптасион (батыс тілдерінен енген сөз) (түрікшесі) уйма; анкет (батыс тілдерінен енген сөз)-соруштурма; антика (батыс тілдерінен енген сөз)-ески; актуалите (батыс тілдерінен енген сөз)-гүнжеллик т.б.

Қандай тілде болса да көп қолданылатын мағынасы көпшілік тарапынан таныс сөздер болады. Бұл сөз синонимдік қатардың басында орналасады. Мағынасы онша таныс емес сөз синонимдік қатарда осы негізгі сөздің жанында болады.

Мысалы, түрікшеде базар сөзіне шаршы, пиаса деген сөздер синоним болады. Ортақ мағынасы көпшілік тарапынан білінген сөз базар болса, пиаса сөзі көбінесе экономикалық термин ретінде қолданылады. ...Шехрин султаныны еғлендирмек ишин шаршыда, пазарда не кадар ешек варса топлыйорлар...(Мехмет Хенгирмен, Түрікше Өгренійоруз 5, Анкара, 1993.б.22)

Қазақша аудармасы: «Қала сұлтанының көңілін көтеру үшін, алаңда, базарда қанша есек болса, жинап жатты.» Қазақшада базар сөзінің синонимі ретіндегі рынок сөзін сөйлемді түрікшеден аударғанда қолдана алмаймыз. Себебі, рынок сөзі көбінесе экономикалық термин ретінде пиаса сөзіне балама бола алады. Туыстас тілдердегі синонимдік қатардағы сөздердің баламасын дұрыс таңдай білу де аударманың сапасын арттыратын алғы шарттардың бірі.

Синоним сөздердің мағыналарының ұқсас болуы бір затты немесе құбылыстың атауы болуында емес олардың мағыналарының ортақ болуында.

Тілдегі синонимдер сол тілдің сөз байлығын көрсетеді. Дудек Гржебичек, чех ғалымы қазақ тілі туралы былай деген: «Сіздер (қазақтар) тіліңіз синонимге өте бай».

Синоним сөздер басы артық сөздер емес қайта ғасырлар бойы этнос тәжірибесінен туындап, қалыптасып ой өрісімізді кеңейте түсетін, тілдің потенциалдық мүмкіндігін еселеп арттыра беретін, оны дәйім толықтырып отыратын бұлақтардың бірі. Бұларды түгел жинап, жүйелеп, мазмұн-мағынасын ашып беру тіл біліміне қосылатын үлкен еңбек. Туыстас тілдер арасындағы синоним сөздердің байланысын зерттеу де туркология саласының маңызды зерттеулерінен орын алатыны сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер:

Бизақов Сейдін. Синонимдер сөздігі. Алматы. 2007.

Алтын Ешанламлы ве Каршыт Анламлы. келимелер сөзлүгү. Истамбул, 2000.

Баһаддин Өгел. Түрк митоложиси II. Истамбул, 1997

Өрнеклериле түркше сөзлүк. Истамбул. 2002.

Резюме

В данной статье раскрывается тема синонимов, их значение в культуре речи, применение особенности в казахском и турецком языках.

Resume

In this article synonyms are analyzed in the discussion and v saga in Kazakh and Turkish languages.

Özet

Bu makalede eşanımlar ve onların edebi konusmadaki yeri kullanımı ve Kazak Türk dilindeki özellikleri incelendi

Түрік бірлігінің негізі: «тілде, ойда, істе-бірлікте».

И. Гаспринский
